

Бекітемін  
ШҚО мәдениет басқармасының  
«Шығыс Қазақстан облыстық  
балалар және жасөспірімдер  
кітапханасы» КММ директоры  
К.Мукашева



**«Азаттықтың ақ таңы» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық жыр мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ**

ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өскелең ұрпақты отансүйіштікке тәрбиелеу, өлең құдіреті арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге ықпал ету, жазба ақындық өнерді дамыту, талантты ақындарды халыққа таныту мақсатында «Азаттықтың ақ таңы» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасын онлайн түрде өткізеді.

Мүшәйраның қорытындысы 2021 жылдың 28 сәуірі күні шығарылады.

Қатысушылардың жырлары мен мүшәйраның қорытындысы кітапхананың фейсбук парақшасына жарияланады.

**1. Мүшәйраның шарттары мен талаптары:**

1. Мүшәйраға 18 мен 50 жас аралығындағы үміткерлер қатыса алады.

2. Қатысушы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған өзінің қаламгерлік шеберлігін таныта аларлық 1 өлеңін А4 форматта және электронды түрде 2021 жылдың 23 сәуіріне дейін [kray.odub@mail.ru](mailto:kray.odub@mail.ru) поштасына немесе +77771515970 телефон нөміріне (ватсап) жіберуі тиіс.

3. Қатысушы талапкерлерден төмендегі құжаттар қабылданады:

- қатысушы туралы мәлімет (*үлгісі қосымша бетте*)

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 1 өлеңі.

**3. Мүшәйраны бағалау және марапаттау**

1. Мүшәйраның қорытындысын құрамында мәдениет және өнердің көрнекті қайраткерлері, танымал ақындар бар қазылар алқасы шығарады.

2. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

3. Қатысушылардың өлеңдерін қазылар алқасы алдын ала сараптап, төмендегі ерекшеліктеріне назар аудара отырып бағалайды:

- сөз қолданысы, ұйқасы;
- ой жүйелілігі мен тереңдігі;
- көркемдік ерекшелігі;
- тіл тазалығы.

Мүшәйра жеңімпаздарына Бас жүлде және бірінші, екінші, үшінші жүлделі орындар тағайындалып, мадақтамамен марапатталады.

Анықтама телефондары: тел. **8(7232) 22-63-37** – Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы;  
тел. **87771515970** - Камалиева Құралай Қалиятқызы

**Өлкетану орталығы.**

**«Азаттықтың ақ таңы»** атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық жазба ақындар мүшәйрасына қатысуға өтінім

Толық аты-жөні:

Туған жылы, айы, күні:

Тұрғылықты мекен-жайы:

Байланыс телефондары:

Электрондық адресі: